

**"Заң шығару жұмысының 2016 - 2021 жылдарға арналған тұжырымдамалық жоспарын бекіту туралы (Қазақстан Республикасы Парламентінің алтыншы шақырылымы)"
Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 16 маусымдағы № 351 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Заң шығару жұмысының 2016 – 2021 жылдарға арналған тұжырымдамалық жоспарын бекіту туралы (Қазақстан Республикасы Парламентінің алтыншы шақырылымы)» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К. Мәсімов

Заң шығару жұмысының 2016 – 2021 жылдарға арналған тұжырымдамалық жоспарын бекіту туралы (Қазақстан Республикасы Парламентінің алтыншы шақырылымы)

«Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қоса беріліп отырған Заң шығару жұмысының 2016 – 2021 жылдарға арналған тұжырымдамалық жоспары (Қазақстан Республикасы Парламентінің алтыншы шақырылымы) (бұдан әрі – Тұжырымдамалық жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) Тұжырымдамалық жоспардың іске асырылуын қамтамасыз етсін;

2) жыл сайын, 25 қаңтарға қарай жыл қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне Тұжырымдамалық жоспардың орындалу барысы туралы ақпарат берсін.

3. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Президенті

Н.Назарбаев

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 1 6 ж ы л ғ ы

№ Ж а р л ы ғ ы м е н

БЕКІТІЛГЕН

**Заң шығару жұмысының 2016 - 2021 жылдарға арналған
тұжырымдамалық жоспары
(Қазақстан Республикасы Парламентінің алтыншы шақырылымы)**

| | |
|-------------------------------------|--|
| Парламент сессиялары жартыжылдықтар | Заңнама блоктары, олардың аясында заңнаманы жетілдіру жүзеге асырылады |
| 1 | 2 |
| 2016 - 2017 жылдар (2-сессия) | Тұрғын үй қатынастары саласындағы; өлшем бірлігін қамтамасыз ету; стандарттау; жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту; электр энергетикасы; экспорттық бақылау; жарнама; бұқаралық ақпарат құралдары; білім беру саласындағы заңнама, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылықтар және республикалық референдум туралы заңнама |
| | <p>Тұрғын үй қатынастары саласындағы заңнаманы жетілдіру</p> <p>Бүгінгі таңда Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың әскери қызметшілерін тұрғын үймен толық қамтамасыз ету үшін 27 900 пәтер салуға қажеттілік бар. Осыған орай Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың 2013 жылғы 1 қаңтарға дейін кемінде 10 жыл еңбек сіңірген немесе әскери қызметке алғаш кіріскен әскери қызметшілерін тұрғын үймен қамтамасыз ету тетігін жетілдіруді көздейтін заң жобасын әзірлеу қажет.</p> <p>Өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы заңнаманы жетілдіру</p> <p>Қазақстан экономикасындағы өзгерістер, инновациялық технологияларға бағдарлану, нарықты дамыту, халықаралық еңбек бөлінісіне қатысу, Қазақстанның әлемдік экономикалық кеңістікке интеграциясы және Кеден одағының құрылуы, техникалық реттеу және сәйкестікті бағалау саласында аккредиттеу бойынша жүргізіліп жатқан реформалар өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласында қызметтің халықаралық моделіне ауысу қажеттігін талап етеді. Өлшемдердің бақылануын қамтамасыз ету, әлемдік деңгейдегі эталондарды жасау, олардың баламалылығын қамтамасыз ету және соның салдары ретінде республикада жүргізіліп жатқан сынақтар мен өлшемдердің нәтижелерін тану қызметтің осы бағыттары бойынша метрология жөніндегі халықаралық ұйымдардың негізгі ережелерін заңнамада көрсетуді талап етеді.</p> <p>Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартта көзделген өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласында келісілген саясат жүргізу (ЕАЭО туралы шартқа «Өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласында келісілген саясат жүргізу туралы хаттама» 10-қосымшаға сәйкес) өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы заңнаманы өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесі объектілерін нақтылау және толықтыру арқылы Кеден одағы елдерінің заңнамасымен үйлестіру қажеттігіне байланысты.</p> <p>Бизнеске әкімшілік қысымды азайту жөнінде мемлекет жүргізіп отырған саясат заңнамада көзделген мемлекеттік метрологиялық бақылау саласын қысқартуды, калибрлеуді тарату саласын кеңейтуді талап етеді. Экономикалық қатынастардың үнемі өзгеруі, басқаруды орталықсыздандыру, әлемдік тәжірибе және Кеден одағы елдерінің тәжірибесі уәкілетті органның, Мемлекеттік ғылыми метрологиялық орталықтың (МҒМО), өлшем бірлігін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік қызметтердің функцияларын нақтылау, өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінің ұйымдастырушылық негіздерін, оның ішінде мемлекеттік басқару органдарын экономика салалары шеңберінде өлшем бірлігін қамтамасыз ету жөніндегі қызметке белсенді түрде тарту арқылы күшейту қажеттігіне байланысты.</p> <p>Стандарттау саласындағы заңнаманы жетілдіру</p> |

2016 жылғы екінші жартыжылдық

Қазақстан Республикасында интеграциялық саясат жүргізу шеңберінде халықаралық және өңірлік келісімдердің нормаларын үйлестіру қажеттігі туындайды. Халықаралық экономикалық одақтар мен қатысушы елдердің тауар айналымын дамытуды ынталандыратын бірлестіктерге қатысу қажеттігі ұлттық экономиканың өсіміне, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өнімдері мен көрсетілетін қызметтерінің бәсекеге қабілеттігін дамытуға байланысты. Сауда-экономикалық байланыстарды кеңейту мәселелерін Мемлекет басшысы үнемі назарда ұстайды.

Техникалық реттеу саласындағы қолданыстағы заңнамада стандарттау, негізінен, техникалық регламенттерге «қызмет көрсететін» құрал ретінде ғана қаралады, бұл стандарттаудың мүмкіндіктерін едәуір шектейді және сапаның тиісінше бағдарларын жасамайды және экономиканың қазіргі заманғы сұраныстары мен стандарттауды дамытудың халықаралық үрдістеріне сай келмейді.

Стандарттау, көбінесе, ел өнеркәсібінің бәсекеге қабілеттілігін, сапаны, қауіпсіздікті арттыру құралы, инновацияларды, әлеуметтік саланы (оның ішінде бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін), медицинаны, қызметтер көрсету салаларын, ақпараттық технологиялар мен байланысты дамыту, қоғам таныған сайлау жүйесін жасау және дамыту көзі болып табылады.

Кеден одағының жұмыс істеуіне байланысты техникалық реттеу саласы ұлтүсті деңгейде қалыптасып, дамиды. Ұлттық деңгейде стандарттау, аккредиттеу және мемлекеттік бақылау (қадағалау) саласы реттеледі.

Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту саласындағы заңнаманы жетілдіру «Бес институционалдық реформаны іске асыру жөніндегі 100 нақты қадам» Ұлт жоспарын, сондай-ақ Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту тұжырымдамасын іске асыру мақсатында жергілікті өзін-өзі басқарудың дербес бюджетін енгізу көзделетін «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын әзірлеу қажет. 2-кезең (98-қадам).

Электр энергетикасы саласындағы заңнаманы жетілдіру «Бес институционалдық реформаны іске асыру жөніндегі 100 нақты қадам» Ұлт жоспарын іске асыру мақсатында өңірлік электр желілері компанияларын ірілендіру қажет, бұл энергиямен жабдықтаудың сенімділігін арттыруға, өңірлерде электр энергиясын беруге жұмсалатын шығындарды және тұтынушылар үшін электр энергиясының құнын азайтуға мүмкіндік береді.

Осыған байланысты «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне электр энергетикасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын әзірлеп, оның шеңберінде энергия беретін ұйымдарды ірілендіру мәселесін пысықтау қажет (51-қадам).

Экспорттық бақылау саласындағы заңнаманы жетілдіру Экспорттық бақылау саласындағы заңнаманы жетілдірудің негізгі мақсаттары:

- халықаралық қауіпсіздік пен тұрақтылықты нығайту, жаппай қырып-жою қаруының, оларды жеткізу құралдарының, қару-жарақ пен әскери техниканың таралуын болғызбау, терроризмге қарсы іс-қимыл;
- жаппай қырып-жою қаруын, оларды жеткізу құралдарын, қару-жарақ пен әскери техниканы таратпау, терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары мен өзге де халықаралық міндеттемелерін сақтау;
- экспорттық бақылау саласындағы заңнамалық базаны экспорттық бақылау рәсімдері мен қағидаларын жалпыға бірдей танылған халықаралық нормалармен және практикамен, атап айтқанда Еуропалық Одақтың және АҚШ-тың практикасымен үйлестіру арқылы жетілдіру болып табылады.

Жарнама саласындағы заңнаманы жетілдіру Тауарларды (көрсетілетін қызметтерді) жарнамалауда тұтынушыларды анық ақпаратпен қамтамасыз ету маңызды, өйткені олардың өмірі мен денсаулығы, көбінесе, осыған байланысты. Тиісінше, бұл үшін жарнама қызметін тиімді мемлекеттік реттеу қажет. Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2015 жылғы 16 қазандағы № 30 шешіміне

| | |
|---------------------------------------|---|
| | <p>сәйкес Еуразиялық экономикалық одаққа қатысушы елдердің заңнамаларын үйлестіру мәселелері шешімін табуды талап етеді. Қазіргі таңда, Қазақстанда жарнама қызметін дамытудың және реттеудің қандай да бір т ұ ж ы р ы м д а м а с ы ж о қ .</p> <p>Осыған байланысты, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жарнама мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын әзірлеу қажет, онда мыналар :</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. жарнама қызметін мемлекеттік реттеуді жүйелеу; 2. жарнама саласында шектеулерді, тыйым салулар мен жауаптылықты белгілеу; 3. жарнама туралы заңнаманы жетілдіру көзделеді. |
| <p>2017 жылғы бірінші жартыжылдық</p> | <p>Бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы заңнаманы жетілдіру Туындап отырған қоғамдық қажеттіліктерге сәйкес бұқаралық коммуникация технологияларының дамуымен түрлендірілетін қоғамдық қатынастарды құқықтық регламенттеу мақсатында ақпараттық салада барлық мүдделі тараптарды тарта отырып, бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы заңнаманы жетілдіру қажет. Атап айтқанда, отандық бұқаралық ақпарат құралдарын техникалық жаңғыртуды, қазақстандық масс-медианы тарату географиясын одан әрі кеңейтуді, мемлекеттік ақпараттық саясатты іске асыру саласында жұмыс істейтін қызметкерлердің біліктілігін арттыруды көздеу қажет.</p> <p>Білім саласындағы заңнаманы жетілдіру «Бес институционалдық реформаны іске асыру жөніндегі 100 нақты қадам» Ұлт жоспарын іске асыру мақсатында Назарбаев Университетінің тәжірибесін ескере отырып , ЖОО-лардың академиялық және басқарушылық дербестігін кезең-кезеңімен кеңейту, жекеменшік ЖОО-ларды халықаралық практикаға сәйкес коммерциялық емес ұйымдарға өзгерту қажет.</p> <p>Осыған орай, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ЖОО-лардың академиялық және басқарушылық дербестігін кеңейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын әзірлеу қажеттігі бар (78-қадам). Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы заңнаманы жетілдіру Мемлекет басшысының 2015 жылғы 27 сәуірдегі № 51-13.70 тапсырмасын орындау мақсатында «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін одан әрі жетілдіру мәселелер пысықтау қажет. Аталған жұмыс «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы шеңберінде жүргізілуде .</p> <p>З а ң ж о б а с ы :</p> <ul style="list-style-type: none"> - Ә Қ Б т К і з г і л е н д і р у г е ; - Ә Қ Б т К - н і ң р ә с і м д і к б ө л і г і н ж е т і л д і р у г е ; - Ә Қ Б т К құқық қолдану практикасында анықталған олқылықтар мен проблемалы мәселелерді жоюға бағытталған. <p>Республикалық референдум туралы заңнаманы жетілдіру «Республикалық референдум туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы 1995 жылы құқықтық реформа шеңберінде қабылданған. Көптеген оның ережелері ескірген болып табылады, референдумға бастамашылық жасаудың және оның өткізудің жекелеген аспектілерін құқықтық реттеуде олқылықтар орын алған, атап айтқанда:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) республикалық референдумға бастамашылық жасау тәртібін нақтылау; 2) бастамашылық топ қызметінің тәртібі мен мерзімдерін нақтылау; 3) референдум өткізу бойынша үгіт науқанын қаржыландыру тәртібін реттеу; 4) халықаралық және қазақстандық байқаушылар қызметінің тәртібі мен шарттарын р е т т е у ; 5) дауыс беру рәсімі, дауыстарды санау және қорытындыларын шығару, сондай-ақ өзге д е м ә с е л е л е р . <p>Сонымен қатар, аталған заң «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының ережелеріне қайшы келеді.</p> |

2017 - 2018 жылдар
(3-сессия)

Жер қойнауын пайдалану; салық салу және кеден ісі; пробация; мемлекеттік статистика; өсімдіктер дүниесі; тұқым шаруашылығы; мемлекеттік және әлеуметтік тапсырыс; валюталық реттеу және валюталық бақылау; сақтандыру және сақтандыру қызметі саласындағы заңнама; сайлау заңнамасы; мемлекеттік басқару жүйесін; мұнай саласын; азаматтардың төлем қабілеттілігін қалпына келтіруді; гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігін жетілдіруге бағытталған заңнама; сондай-ақ тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану; денсаулық сақтау; білім және ғылым; көлік саласындағы заңнама

Жер қойнауын пайдалану саласындағы заңнаманы жетілдіру
Негіз қалайтын салалық заңнамалық акт ретінде «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінің әзірлеу және қабылдау қажеттігі табиғат пайдаланудың барлық дерлік маңызды өзге салалары (жер, орман және су) Қазақстанда, әдетте, тиісті кодталған заңдармен реттелетіндігімен расталады. Жер қойнауын пайдалану саласындағы негіз қалайтын нормативтік құқықтық акт бола отырып, «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі жер қойнауын пайдалану құқығының тиісті институттарын реттейтін бірқатар заңнамалық актілердің заңдық іргетасы болады. Салық салу және кеден ісі саласындағы заңнаманы жетілдіру
Мемлекет басшысының 2015 жылғы 30 қарашадағы Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспарын және «Бес институционалдық реформаны іске асыру жөніндегі 100 нақты қадам» (44 және 45-қадамдар) Ұлт жоспарын іске асыру мақсатында салық жүйесі мен кедендік әкімшілендіруді түбегейлі реформалау бойынша жұмыс жүргізу, оның ішінде ҚҚС орнына сатудан алынатын салықты енгізу, салық режимдерін оңтайландыру, тиімсіз салық жеңілдіктерін алып тастау, салық саласының ашықтығын және салықтық әкімшілендірудің тиімділігін арттыру қажет. Сондай-ақ салық міндеттемесін және кедендік баждар мен салықтарды (КБМС) төлеу бойынша міндеттемені орындауды бірыңғай есепке алуды белгілеу, біркелкі қолдану мақсатында бюджетке артық (қате) төленген салықтар мен КБМС сомаларын есепке жатқызуды және қайтаруды жүргізу үшін талап қою мерзімінің өтуін нақтылау, салық берешегі мен КБМС бойынша берешекті мәжбүрлі өндіріп алу тәсілдері мен шараларын қолданудың бірыңғай тәртібін белгілеу керек.
Пробация саласындағы заңнаманы жетілдіру
«Бес институционалдық реформаны іске асыру жөніндегі 100 нақты қадам» Ұлт жоспарында бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және пробация қызметінде есепте тұрған азаматтарды әлеуметтік оңалтудың тиімді жүйесін құру, сондай-ақ осындай азаматтар үшін әлеуметтік оңалтудың кешенді стратегиясын және арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер стандартын әзірлеу көзделген. Осыған байланысты, «Пробация туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне пробация мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы заңдарының жобаларын әзірлеу қажет (33-қадам)

Мемлекеттік статистика саласындағы заңнаманы жетілдіру
Мемлекеттік статистика кез келген мемлекеттің ақпараттық жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады, бұл мемлекеттің экономикалық және әлеуметтік жағдайы туралы статистикалық ақпаратпен мемлекеттік органдарды, ғылыми-зерттеу ұйымдарын, қоғамдық бірлестіктерді, халықты және бұқаралық ақпарат құралдарын сол ақпаратты жинауды, талдауды, қорытуды, өңдеуді және таратуды ұйымдастырудың ғылыми қағидаттарының негізінде қамтамасыз етуге арналған тұтас жүйе. Бастапқы ақпаратты жинау жүйесі демократиясы дамыған көп елде қолданылады. Сонымен бірге, 2005 жылы Еуростаттың Еуропалық статистикалық жүйесі комитетінің отырысында қабылданған Еуропалық статистика нормаларының кодексіне 2011 жылы өзекті сипат берілгенін атап өту керек. Сондай-ақ 2012 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымы ұсынған Сапаны қамтамасыз етудің стандарттық ұлттық базалық қағидаттары қабылданған. Қағидаттарды сарапшылар тобы сапаны қамтамасыз етудің ұлттық базалық қағидаттары бойынша әзірледі. Бұдан басқа, Біріккен Ұлттар Ұйымы мақұлдаған, статистикалық ақпаратқа

2017 жылғы екінші жартыжылдық

мемлекет пен қоғамның сенімін қамтамасыз ету үшін әлемнің статистикалық қызметтері ұстануға тиіс жалпы тәсілдерді декларациялайтын ресми статистиканың негіз қалаушы қағидаттары 2013 жылы қайта қаралды. Осыған орай, статистикалық процестер мен өнімнің сапасын институционалдық деңгейде қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының мемлекеттік статистика саласындағы заңнамасына өзекті сипат беру қажет.

Өсімдіктер дүниесі саласындағы заңнаманы жетілдіру
Өсімдіктер дүниесі объектілерін қорғау және пайдалану саласындағы құқықтық қатынастарды реттеу және табиғи өсімдіктер ресурстары мен олардың генетикалық қорын сақтау, өсімін молайту және ұтымды пайдалану мәселелерін тиімді басқару үшін жағдай жасау мақсатында «Өсімдіктер дүниесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңын әзірлеу және қабылдау қажет.
Тұқым шаруашылығы саласындағы заңнаманы жетілдіру
Жергілікті атқарушы органдардың функциялары мен тұқым шаруашылығы субъектілерінің қызметін одан әрі реттеу арқылы тұқым шаруашылығы саласындағы заңнаманы жетілдіру қажет.

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс саласындағы заңнаманы жетілдіру
Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асырудың тиімділігін арттыру, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде көрсетілетін қызметтерді түпкілікті нәтижеге бағдарлау мақсатында барлық мүдделі тараптарды (мемлекеттік органдарды, үкіметтік емес ұйымдарды, көрсетілетін қызметті алушыларды - халық) тарта отырып, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс саласындағы заңнаманы жетілдіру қажет.
Соның ішінде, мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асыруға мониторинг жүргізу бөлігінде мемлекеттік органдардың құзыретін нақты айқындау және уәкілетті органның құзыретінде мемлекеттік тапсырысқа бағалау жүргізу функциясын көздеу қажет. Сондай-ақ, мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты алушыларды айқындайтын ұғымдық аппаратты қолданыстағы заңнамаға сәйкес келтіру қажет.
Валюталық реттеу және валюталық бақылау саласындағы заңнаманы жетілдіру
Қазақстан Республикасының Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруіне байланысты резиденттікті айқындайтын тәсілдерді өзгерту мақсатында және валюталық операциялар мен капитал ағымы жөніндегі ақпараттық базаны жетілдіру мақсатында валюталық реттеу және валюталық бақылау саласындағы заңнаманы жетілдіру қажет.
Сақтандыру және сақтандыру қызметі саласындағы заңнаманы жетілдіру
Кейбір заңнамалық актілерге сақтандыру және сақтандыру қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу – міндетті сақтандыру түрлерінің жүйесін, сақтандыру нарығының инфрақұрылымын, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарындағы тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін, сақтандыру нарығына қатысушылардың қызметін, рұқсат беру немесе хабарлама жасау тәртібі мен сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметі бойынша салық салу мәселелерін жетілдіру, жинақтаушы сақтандыруды дамыту және қайта сақтандыру, электрондық сақтандыруды енгізу мақсатында қажет.

Сайлау заңнамасын жетілдіру
«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына тұжырымдамалық өзгерістер мен толықтырулар 2009 жылы енгізілген.

Өткен кезеңде 6 сайлау науқаны өткен, оның қорытындылары бойынша халықаралық бақылаушылар ұлттық заңнаманы халықаралық стандарттарға сәйкес келтіру бойынша бірқатар ұсынымдар енгізді.

Сонымен қатар, құқық қолдану практикасы көрсетілген заңда нақтылауды талап ететін, сондай-ақ қолданыстағы сайлау заңнамасымен реттелмеген немесе жеткілікті түрде нақты реттелмеген нормалардың бар екенін көрсетті. Осыған орай, негізгі сайлау қағидаттарының сақталуын, азаматтардың ерік білдіру бостандығын, олардың сайлауға және сайлануға конституциялық құқықтарын, ашық және демократиялық сайлау процесін қамтамасыз етуге бағытталған түзетулер енгізу арқылы «Қазақстан

Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңын жетілдіру бойынша жұмыс жүргізу керек. Мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіруге бағытталған заңнама «Бес институционалдық реформаны іске асыру жөніндегі 100 нақты қадам» Ұлт жоспарын іске асыру мақсатында мемлекетке тән емес функцияларды бәсекелестік ортаға және өзін-өзі реттеу ұйымдарына беру қажет. Осыған байланысты «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік функцияларды бәсекелестік ортаға беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын әзірлеу қажет (97-қадам). Мұнай саласын жетілдіруге бағытталған заңнама Мұнай өңдеу зауыттарына мұнайды жер қойнауын пайдаланушыдан мұнай өңдеу зауыттарына дейін жеткізу бойынша делдалдарды түп-тамырымен жоюды көздейтін тетіктерді енгізу қажет. Азаматтардың төлем қабілеттілігін қалпына келтіруді жетілдіруге бағытталған заңнама Азаматтардың басым бөлігі экономикалық құлдырау, жұмысынан немесе еңбекке қабілеттілігінен айрылу, өзінің кредиттік және сатып алу қабілетінің төмендеуі, негізгі мұқтаждықтарын қанағаттандыру үшін кредит алуға қажеттіліктің ұлғаюы және қаржы ұйымдарының қарызды жоғары пайыздық мөлшерлеменен беруі салдарынан қаржылық жағдайының нашарлауына ұшырайды. Борыштың ауыртпалығы түскен азаматтар саны жылдан жылға артуда, ал шарасыз жағдайға түскен адамдар тығырыққа тіреледі. Бірқатар жағдайларда, қарызды өндіріп алу құралдары жеткілікті дәрежеде тиімді болмайды және еш нәтиже бермейді, ал борышкерлер болса борыштың ауыртпалығын көтеруді жалғастыра береді. Осыған байланысты, жеке тұлғалардың борыштық жүктемесін жеңілдетуге мүмкіндік беру мақсатында олардың төлем қабілеттілігін қалпына келтіру институтын енгізу мәселесін пысықтаған жөн болады, бірақ та осындай енгізілетін тетікті өз міндеттемелері бойынша жауаптылықтан қашу пиғылын іске асыру үшін пайдалануға ұмтылатын теріс пиғылды борышкерлердің борыштан құтылуына жол бермеу қажет.

Гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігін жетілдіруге бағытталған заңнама Бөгеттердің және басқа да гидротехникалық құрылыстардың (бұдан әрі – ГТҚ) қауіпсіздігіне қатысты нормативтік база не ескірген не формальды түрде өнеркәсіптік өндіріс пен құрылыс саласынан көшірілген. ГТҚ-ның мемлекеттік тізілімі лайықты түрде жүргізілмейді, құрылыстардың жай-күйін байқау мен диагностикалаудың қазіргі заманғы құралдарын пайдалануға негізделген әртүрлі ГТҚ пайдаланудың халықаралық тәжірибесі жинақтап қорытылмайды. Осыған орай, ГТҚ қауіпсіздігін қамтамасыз ету процесінің барлық қатысушылары функцияларының аражігін ажырату, олардың өзара іс-қимыл жасауының тиімді жүйесін құру, сондай-ақ су пайдалану және ГТҚ қауіпсіздігі міндеттерін ұлттық және мемлекетаралық деңгейде шешудің сапалы жаңа деңгейіне көтеру қажет. Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану саласындағы заңнаманы жетілдіру Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасының қазіргі жай-күйі сан ғасырлық дәстүрлерді сақтаумен және дамытумен, жаңа тарих және мәдениет ескерткіштерінің ашылуымен, кесенелерді, ескі мешіттерді реставрациялаумен, жаңа тарихи-мәдени мұражай-қорықтардың құрылуымен, Қазақстанның мәдени мұрасында тарихи мәні бар архивтік құжаттардың анықталуымен байланысты мемлекет қабылдайтын шаралар кешенімен сипатталады. Тарихи-мәдени мұра объектілері мәселелері «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» 1992 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңымен реттелген. Осыған байланысты, Заңды жаңа редакцияда әзірлеу қажеттігі туындап отыр. Денсаулық сақтау саласындағы заңнаманы жетілдіру Денсаулық сақтау саласындағы қолданыстағы заңнамада медицина және фармацевтика қызметкерлерінің медицина қызметкері тарапынан ұқыпсыз немесе немқұрайлы көзқарас болмаған кезде азаматтың денсаулығына залал келтіргені үшін кәсіптік жауаптылығын сақтандыруға құқығы жеткілікті түрде ескерілмеген. Азаматтардың

| | |
|--------------------------------|--|
| 2018 жылғы бірінші жартыжылдық | <p>медицина қызметкерлерінің дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы дұрыс тағайындамауынан және қолданбауынан денсаулыққа келтірілген зиянды өтеп алу құқықтары да нақты регламенттеуді талап етеді. Осыған байланысты, медициналық қызметті жүзеге асыру кезінде пациенттің өміріне немесе денсаулығына зиян келтіргені үшін медицина қызметкерлерінің жауапкершілігіне міндетті кепілдік беру туралы мәселе орынды болып табылады. Мұндай тәсіл пациенттердің де, медицина қызметкерлерінің де мүліктік мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Мемлекет кепілдік берген құқықтарды іске асыру үшін қоғамдық қатынастардың жаңа түрі – медицина қызметкерлерінің кәсіптік жауаптылығына міндетті кепілдік беруді енгізу арқылы оларды одан әрі дамыту қажет. Білім және ғылым саласындағы заңнаманы жетілдіру «Бес институционалдық реформаны іске асыру жөніндегі 100 нақты қадам» Ұлт жоспарында ЭЫДҰ елдерінің стандарттары негізінде адами капиталдың сапасын арттыру, 12 жылдық білім беруді кезең-кезеңмен енгізу, функционалдық сауаттылықты дамыту үшін мектепте оқытудың стандарттарын жаңарту, жоғары мектепте жан басына шаққандағы қаржыландыруды енгізу және табысты мектептерді ынталандыру жүйесін құру көзделген, осыған байланысты «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне білім және ғылым мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын әзірлеу қажет (жан басына шаққандағы қаржыландыруды енгізу б ө л і г і н д е) (7 6 - қ а д а м) .</p> <p>Көлік саласындағы заңнаманы жетілдіру Қазақстандағы көлік саясатын жетілдіру тұрақты негізде жүргізілуде және тұтастай алғанда, қолайлы кәсіпкерлік ортаны құруға, елді дамытудың стратегиялық мақсаттарын іске асыруға және одан әрі тұрақты әлеуметтік-экономикалық даму үшін жағдайлар ж а с а у ғ а б а ғ ы т т а л ғ а н .</p> <p>Сонымен қатар, көлік саласындағы дамушы нарықтық орта жағдайында көлік саласы заңнаманы үнемі жетілдіруді талап етеді.</p> |
| 2018 - 2019 жылдар (4-сессия) | <p>Есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер мен прекурсорлар айналымы саласындағы заңнама; экологиялық заңнама; дактилоскопиялық және геномдық тіркеу; өсімдік шаруашылығындағы сақтандыру саласындағы заңнама; бәсекелестікті және жеке секторды дамытуға бағытталған экономикалық институттарды жаңғырту саласындағы заңнаманы жетілдіру; сондай-ақ қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру</p> |
| | <p>Есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер мен прекурсорлар айналымы саласындағы з а ң н а м а н ы ж е т і л д і р у</p> <p>Наркологиялық тестілеуді заңнамалық тұрғыдан регламенттеуді енгізу бөлігінде «Есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер мен прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы» 1998 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеу қажет. Осы саладағы заңнаманы реттеу нысанасы азаматтарға наркологиялық көмек көрсету және олардың денсаулығын, қоғамдық және мемлекеттік қауіпсіздікті қорғау мақсатында олардың заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл шараларын белгілеу болып табылады. Бұл ретте: тестілеу (зертханалық диагностика); есірткілерді немесе сол тектестерді заңсыз тұтынуды ерте анықтау үшін әлеуметтік-психологиялық тестілеу; медициналық қарап тексеру және тағы басқа ұғымдарды айқындау мәселелерін пысықтау талап етіледі, сондай-ақ есірткіні, психотроптық заттарды және сол тектестерді тұтынатын адамдарды анықтау, сондай-ақ есірткіге әлеуметтік-психологиялық тестілеуге жататын адамдардың және кәсіптердің тізбесін айқындау қажет.</p> <p>Парниктік газдарды және озонды бұзатын заттарды реттеу саласындағы экологиялық з а ң н а м а н ы ж е т і л д і р у</p> <p>Парниктік газдарды реттеу бөлігінде Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 4 мамырдағы № 2260 Жарлығымен ратификацияланған Климаттың өзгеруі жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымының негізгі Конвенциясының 4-бабының b) тармақшасына сәйкес Конвенцияның Тараптары</p> |

| | |
|--------------------------------|---|
| 2018 жылғы екінші жартыжылдық | <p>климаттың өзгеруі салдарын жұмсарту және климаттың өзгеруіне барабар бейімделуге жәрдемдесу жөніндегі шараларды қамтитын бағдарламаларды тұжырымдауға, жүзеге асыруға, жариялауға және үнемі жаңартып отыруға міндетті. Қолданыстағы заңнамада климаттың өзгеруі салдарын жұмсарту жөніндегі шаралар көзделеді, алайда бейімделу мәселелері қамтылмаған. Осыған байланысты осы мәселелерді қосу арқылы заңнамадағы олқылықты жою қажеттілігі туындайды. Озонды бұзатын заттарды реттеу бөлігінде Озон қабатын бұзатын заттар жөніндегі Монреаль хаттамасына 1999 жылғы 3 желтоқсанда Бейжіңде қабылданған Түзету 2014 жылғы 23 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңымен ратификацияланған. Заңнамадағы осы өзгерістер гидрохлорфторкөміртекті тұтынуды кезең-кезеңмен тоқтатудың қосымша неғұрлым қатаң мерзімдерін енгізді, осы түзетуді ратификацияламаған елдермен озонды бұзатын кез келген заттардың, оның ішінде гидрохлорфторкөміртектің саудасына тыйым салды, сондай-ақ дамушы елдердің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін гидрохлорфторкөміртекті, хлорфторкөміртекті және галондарды өндіруді реттеу шараларын енгізді. Сондай-ақ бұл түзету 2002 жылғы 1 қаңтардан бастап бромды метил өндіру мен тұтынуды тоқтату туралы талапты енгізді. Осыған байланысты, Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің нормаларын Монреаль хаттамасының талаптарын ескере отырып жетілдіру қажет. Дактилоскопиялық және геномдық тіркеу саласындағы заңнаманы жетілдіру Қазақстан Республикасының азаматтары, сондай-ақ Қазақстан Республикасында уақытша болатын, уақытша немесе тұрақты тұратын шетел азаматтары немесе азаматтығы жоқ адамдар туралы толық, анық және өзекті ақпараттың болуы мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуын және қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңызды шарты болып табылады. Өсімдік шаруашылығындағы сақтандыру саласындағы заңнаманы жетілдіру Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру саласындағы қолданыстағы жүйе күтілетін нәтижелерге және аграрлық сектордағы тәуекелдерді тиісінше басқаруға әкелмеді. Қолданылатын сақтандыру тарифтерінің қазіргі жағдайға сәйкес келмеуін, жүйелі тәуекелдердің болуын, агротехнологиялар деңгейінің төмендігін, мемлекеттік қолдау тетігінің тиімсіздігін және сақтандырудың осы түрінде сақтандыру компанияларының қызығушылығы деңгейінің төмендігін назарға ала отырып, өсімдік шаруашылығындағы сақтандыру саласындағы заңнаманы жетілдіру қажет.</p> |
| 2019 жылғы бірінші жартыжылдық | <p>Бәсекелестікті және жеке секторды дамытуға бағытталған экономикалық институттарды жаңғырту саласындағы заңнаманы жетілдіру Бұл міндетті шешу үшін мемлекеттің экономикадағы рөлін азайтуға, шағын және орта бизнесті дамытуға, зияткерлік меншікті қорғау жүйесін жетілдіруге бағытталған шаралар қабылданатын болады. Бұған рұқсат беру жүйесін одан әрі жетілдіру және салықтық әкімшілендіруді оңтайландыру ықпал ететін болады. Кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеуді жетілдіру тұжырымдамасы шеңберінде рұқсат беру заңнамасының жаңа қағидаттары енгізілетін болады. Қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру Тергеу аппаратының қызметін ұйымдастыруды оның материалдық-техникалық, ұйымдастырушылық-кадрлық және ақпараттық-құқықтық қамтамасыз етілуі мәселелерін кезең-кезеңмен шешу арқылы жақсарту қажет.</p> |
| 2019 - 2020 жылдар (5-сессия) | Қылмыстық заңнама; су ресурстары; діни қызмет және діни бірлестіктер саласындағы заңнама |
| 2019 жылғы екінші жартыжылдық | <p>Қылмыстық заңнаманы жетілдіру Қылмыстық саясатты одан әрі ізгілендіру және түрмедегі адамдарды азайту бойынша шаралар қабылдау қажет. Су ресурстары саласындағы заңнаманы жетілдіру</p> |

| | |
|--------------------------------|--|
| | Ұзақ мерзімді кезеңде Қазақстан Республикасын су ресурстарымен тұрақты қамтамасыз ету мақсатында су ресурстары саласындағы заңнаманы жетілдіру талап етіледі. |
| 2020 жылғы бірінші жартыжылдық | Діни қызмет және діни бірлестіктер саласындағы заңнаманы жетілдіру Миссионерлік және діни қызметті реттеу, сондай-ақ діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату саласын одан әрі жетілдіру қажет. |
| 2020 - 2021 жылдар (6-сессия) | Микроқаржы ұйымдарының қызметі саласындағы, Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі заңнама |
| 2020 жылғы екінші жартыжылдық | Микроқаржы ұйымдарының қызметі саласындағы заңнаманы жетілдіру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес микрокредиттік ұйымдар үшін көзделген өтпелі кезең аяқталғаннан кейін осы ұйымдардың қызметін жетілдіру мақсатында оларды бақылау және қадағалау шеңберінде алынған ақпараттың негізінде микроқаржы ұйымдарының жаңа көрсетілетін қызметтерін енгізу мүмкіндігі, сондай-ақ іске асырылуы үшін қолданыстағы заңнамаға тиісті өзгерістер енгізу талап етілетін жаңа тиісті реттеушілік талаптарды енгізу қажеттігі қаралатын болады. |
| 2021 жылғы бірінші жартыжылдық | Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі заңнаманы ж е т і л д і р у Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдаманың екінші кезеңін (2020 - 2030 жылдар) іске асыру мақсатында қалыптасқан инфрақұрылым базасында суды үнемдеп пайдалануға, жаңартылатын энергия технологияларын дамыту мен кеңінен қолдануды көтермелеуге және ынталандыруға, сондай-ақ энергия тиімділігінің жоғары стандарттарының базасында құрылыстарды салуға бағытталған ұлттық экономиканы қайта құру басталғанда Тұжырымдаманы одан әрі іске асыру үшін алғышарттар жасау қажет. |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК